

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2013 жылдың 25 сәуіріндегі
№ 10 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2013 жылдың 01 шілдесінен бастап

қолданысқа енгізілді

Кәсіби этика және іскерлік тәртіп **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

2013

Осы Ережелер "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мүшелерінің және бағалы қағаздар нарығының өзге де субъектілерінің¹ Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында өз қызметтерін жүзеге асыру барысында² басшылыққа алуы тиіс кәсіби этиканың және іскерлік тәртіптің ережелерін анықтайды.

1 бап. Жалпы қағидалар

1. Осы Ережелерде қоланылған ұғымдар, Биржаның ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған, ұғымдарға ұқсас.
2. Осы Ережелердің нормаларын орындау (қолданымды бөлігінде) бағалы қағаздар нарығының өзге субъектілеріне қатысты, соның ішінде мыналар үшін, бірдей дәрежеде міндетті болып табылады:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялануы тиіс, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында қызметтерді атқаруға лицензисы жоқ, бірақ Биржаның қашықтағы мүшелері болып табылатын, ұйымдар;
 - 2) Биржа мүшелерінің, соның ішінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасағанда DMA³ пайдаланатын, Биржа мүшелерінің клиенттерінің қызметтерін тұтынатын, инвесторлар;
 - 3) Биржа мүшелерінің қызметтерін тұтынатын, листингтік компаниялар немес эмитенттер;
 - 4) растау жүйесін пайдаланушылары;
 - 5) Биржа.
3. Биржа мүшелерінің және, осы баптың 2 тармағында белгіленген, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының өзге де субъектілерінің қызметіне жататын, осы Ережелердің нормалары орындау Биржа мүшелерінің және бағалы қағаздар нарығының өзге де субъектілерінің жетекші және басқа да қызметкерлеріне (қолданымды бөлігінде) бірдей дәрежеде міндетті болып табылады.
4. Биржа мүшесі қолдағы бар амалдармен, құралдармен және өз құзіреттілігі шегінде осы Ережелердің нормаларын дамытуға және таратылуына қолдау көрсетіп, осы нормалармен Биржа мүшелерінің клиенттерін және басқа да мүдделі тұлғаларды кеңінен таныстыруға ұмтылады.
5. Егер Биржа мүшесі басқа Биржа мүшесі, өз клиенті немесе басқа Биржа мүшесінің клиенті, немесе басқа тұлғаның тарапынан осы Ережелердің нормаларын бұзғаны үшін қандай да бір сынға ұшыраса, осы Биржа мүшесі өз мүддесі мен беделін қорғауға, соның ішінде, айыпқа тағылған ереже бұзушылықтарын көпшілік алдында немесе құпия түрде объективті тергелуін талап етуге құқылы.
6. Осы Ережелерде орнатылған нормалар мен ұстанымдарды орындайтын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының әрбір субъекті, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының басқа субъектілерінен осы нормалар мен ұстанымдардың орындалуын күтуге, талап етуге құқылы.

¹ Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңының 5 бабы 1 тармағына сәйкес, жеке және институционалдық инвесторлар, эмитенттер, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, сауда-саттық ұйымдастырушылары және өзін-өзін реттеуші ұйымдар бағалы қағаздар нарығының субъектілері болып табылады.

² Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңының 1 бабының 89) тармақшасына сәйкес, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы – эмиссиялық бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының айналысының аясы, осы бағалы қағаздар мен қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер сауда-саттық ұйымдастырушысының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

³ Direct Market Access (англ.) – нарыққа тікелей рұқсаттама.

2 бап. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы субъектілері тәртібінің ережелері

1. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарымен, осы Ережелермен және Биржаның басқа да ішкі құжаттарымен, келісім-шарттармен және іскерлік айналыс дәстүрлерімен реттеледі.
Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы субъектілері арасындағы қарым-қатынастар және олардың осы нарықтағы қызметтері Қазақстан Республикасының заңдарында, Биржаның ішкі құжаттарында, келісім-шарттарда тура реттелмеген жағдайда және осындай қарым-қатынастарға немесе қызметтер түріне қатысты іскерлік айналыс дәстүрінің нормалары қолданылмаса, ұқсас қарым-қатынастарды немесе қызметтер түрлерін реттейтін, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары, аталмыш нормалар болмаған жағдайда осындай қарым-қатынастар немесе қызметтер түрі, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңының жалпы негіздері, мән-мағынасы және, осы баптың 2 тармағында келтірілген ұстанымдардан шыға отырып, реттеледі.
2. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының субъектілері өз қызметтерін мынадай ұстанымдар негізінде жүзеге асыруы тиіс:
 - 1) кәсібилік;
 - 2) адал бәсекелес пен ынтымақтастық, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының басқа субъектілерінің мүдделеріне қысым жасамау;
 - 3) әділ және тең құқылы сауда, қарым-қатынастағы адалдық;
 - 4) кез келген инвестордың құқығы мен мүлігін қорғау, өз клиенттері мүддесінің басымдылығын сақтау;
 - 5) тәуелсіздік;
 - 6) ақпараттық айқындық.
3. Биржа мүшесіне немесе Биржа мүшелерінің бірлестігіне (тобына):
 - 1) Биржа мүшесінің, немесе ұйымдастырылған бағалы қағаздар субъектісінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, Биржаның ішкі құжаттарының нормаларын бұзушылығына әкеп соқтыратын (немесе себебі болатын) қандай да бір әрекеттер жасауға, немесе осындай әрекеттерге басқаларды мәжбүрлеуге;
 - 2) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына, ондағы қызметтер көрсетудің жалпы шарттарына және Биржа өткізетін саудасаттықтарының бүтіндігіне (қалыпты барысына) негативті ықпалын тигізетін әрекеттер жасауға;
 - 3) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының басқа да субъектілеріне олардың осы нарықта өз тәртібін өзгертуін мәжбүрлеу мақсатында немесе олардың инвестициялық немесе сауда-саттық жоспарларынна бас тартуы мақсатында кез келген формада тура немесе жанама түрде ықпал етуге;
 - 4) нәтижесінде осы Биржа мүшесінің клиенттеріне (Биржа мүшелеріне) немесе үшінші тұлғаға залал тигізуі мүмкін болатындай, осы Биржа мүшесінің (Биржа мүшелерінің бірлестігінің (тобының)) қызметіне үшінші тараптың араласуына қол жеткізуге;
 - 5) нәтижесінде іскерлік беделін түсіретіндей, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығын субъектісінің қызметін негізсіз сынға салып немес көпшілік алдында талқылауға қатаң тыйым салынады.

4. Биржа мүшелері арасында кез келген формада қол жеткізген келісімдер (келісілген әрекеттер) әдепсіз қылық деп саналады, егер соның нәтижесінде:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, соның ішінде, бірақ осы ғана емес, бәсекелестікті қорғау және монополиялық қызметті шектеу (монополияға қарсы заңнама) туралы заңнамада белгіленгендей, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бәсекелестікті шектеу;
 - 2) аумақтық принцип бойынша, көрсетілетін қызметтер немесе ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында қызметтердің тұтынушылары бойынша ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығын бөлу;
 - 3) сауда-саттық, клирингілік, есеп айырысу және өзге де жүйелерге кірерде, бір-бірімен бәсекеге түсетін Биржа мүшелері өз клиенттеріне ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында қажетті қызметтерді көрсете алмайтындай, (мүшеліктің, қызмет көрсетудің) негізделмеген талаптарды немесе қолайсыз критерийлерді, шарттарды орнату;
 - 4) жеке бір Биржа мүшесіне қатысты қандай да бір санкцияларды қолдануды талап етіп, уәкілетті органға шағымдарды, соның ішінде, ұжымдық шағымдарды жолдап, өзге де мемлекеттік органдарға наразылықтарын, осы Биржа мүшесімен мұндай шағымның (наразылықтың) алдын ала мазмұнын ескертпей және мән-жайын талқыламай, жолдау орын алса.
5. Биржа мүшесінің оның клиентінің тәуелсіздігіне, мүдделеріне қандай да бір амалмен тиіп, Осы Биржа мүшесінің өз клиентімен қарым-қатынасына қандай да бір басқа амалмен әсер етуі мүмкін болатындай мүдделер қайшылығы туындаған жағдайда, Биржа мүшесі өз клиентіне, Биржа мүшесінің кәсіби қызметі шегінен тыс, осындай шиеленісу жағдайының туындауы туралы ескертуі тиіс, олар:
 - 1) осы Биржа мүшесінің аталмыш клиенттің капиталында қаржылық қатысуы;
 - 2) осы Биржа мүшесінің аталмыш клиенттің өкызметінде және (немесе) жобаларында тікелеу немесе жанама түрде қатысуы;
 - 3) Биржа мүшесінің және оның клиентінің бір-бірінен қаржылық және (немесе) басқа да мүліктік тәуелділігі;
 - 4) Биржа мүшесінің және аталмыш клиентінің жетекші қызметкерлерінің бір-бірінің органдарында қатысуы.

3 бап.

Ақпараттарды тарату ережелері және жарнама мазмұнына қойылатын талаптар

1. Ақпараттарды таратқанда Биржа мүшесі Қазақстан Республикасының аумағында осы ақпаратты ашу және тарату тәртібін, жарнаманы өндіру, тарату, орналастыру және қолдану үдерісінде туындайтын қарым-қатынастарды реттейтін заңнама нормаларын орындауы тиіс.
2. Биржа мүшесіне тыйым салынады:
 - 1) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының субъектілерінің іскерлік беделіне кір келтіретіндей, негізсіз мәліметтерді көпшілікке таратуға, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының басқа субъектілеріне негативті залалын тигізуі мүмкін, кімде-кімге негізделмеген жазбаша немесе ауызша шағымдармен жүгінуге және басқа да әрекеттер жасауға;

- 2) қара ниет бәсеке мақсатында, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының өзге субъектілерінің анық және жорымалы кемшіліктерін пайдалану арқылы жасалған жарнаманы қолдануға;
 - 3) өз қызметінде плагиатқа, басқа тұлғамен жасалған қызметтік материалды және (немесе) осы материалдың бір (бірнеше) бөлігін көшіруге және түпнұсқа түрінде қолданып, автордың, баспашының немесе осы материалды алу көзін көрсетпеуге (осы баптың 3 тармағында белгіленген, ерекшеліктерді ескеріп) жол бермеу;
 - 4) егер Биржа мүшесіне жарнамалық (маркетингілік) ақпараттардың қате деректі мәліметтерін қамтитын ақпарат екені мәлім болып, немесе мұндай ақпараттардың мазмұнында қате деректі мәліметтер немесе бағалаулар болмаған жағдайда, жарнамалық (маркетингілік) ақпараттың қате түсінуіне әкеп соқтыратынын біле тұрып, бизнестің дамуына бағытталатын жарнамалық (маркетингілік) ақпараттарды жариялауға немесе қандай да бір амалмен таратуға тыйым салынады.
3. Биржа мүшесінің тарататын ақпаратта, оның мазмұнында үшінші тұлғалардан алған мәліметтер қамтылған жағдайда, осы мәліметтердің көзіне нақты сілтемелер болуы тиіс.
 4. Биржа мүшесі мынадай мазмұндағы ақпаратты немесе жарнаманы жариялауға, таратуға және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне ұсынуға құқы жоқ:
 - 1) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан жағдайға немесе Биржа өткізетін сауда-саттыққа ықпал ету мақсатында расталмаған (бұрмаланған немесе жалған ақпараттар);
 - 2) қандай да бір қаржы құралына жасалатын инвестициялардың, соның ішінде осындай инвестициялардың бұрындағы шынындағы кірістілігі туралы ақпаратқа негізделген, болашақтағы кірістілігін кепілдеу;
 - 3) қандай да бір қаржы құралдарына жасалатын инвестициялардың қауіпсіздігін және кірістердің немесе осындай инвестицияларға байланысты шығындардың тұрақтылығын кепілдеу;
 - 4) басқа Биржа мүшелерінің қызметіне, қызметтердің түрлері, кезеңдері немесе олардың қызметін бағалау критерийлеріне қарай айырмашылығы бар мәліметтердің, соның ішінде салыстырмалы аналитикалық мәліметтердің, бастапқыдан әділетсіз таңдауға негізделген, салыстырмалы мәліметтерді;
 - 5) ұсынылатын кәсіби қызметтердің нәтижелері бойынша клиенттердің негізсіз үміттерін ынталандыруға бағытталған, тікелей немесе жанама нұсқаулар;
 - 6) клиенттерді және өзге тұлғаларды адастыру немесе қысым жасауды мақсат ететін, ақпарат;
 - 7) осы Биржа мүшесінің жұмыс тәжірибесі (икемі, нәтижелері) және (немесе) оның қызметкерлерінің біліктілігі, сондай-ақ оның мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, өзге тұлғалармен қарым-қатынастары туралы асыра немесе расталмаған үндеулер.
 5. Осы Ережелердің нормаларын орындауды қамтамасыз ету мақсатында, әрбір Биржа мүшесіне жариялау, тарату, ақпараттарды ұсыну және жарнама беруді ішкі бақылау процедурасын әзірлеп, бекітуі тиіс және, міндетіне жарнамадан жарияланымға дейін осы Биржа мүшесінің шығыс ақпараттарын қарау кіретін, жауапты тұлғаны тағайындау нұсқалады.

4 бап. Инсайдерлік ақпаратты және басқа да құпия ақпараттарды заңсыз қолдануға тыйым салу

1. Биржа мүшесіне тыйым салынады:
 - 1) қаржы құралдарымен мәмілелер жасасқанда инсайдерлік ақпаратты (осы ақпарат жалпыға қолжетімді болғанға дейін) қолдануға;
 - 2) қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу бойынша үшінші тұлғаларға, инсайдерлік ақпаратқа (осы ақпарат жалпыға қолжетімді болғанға дейін) негізделген, нұсқаулар беруге;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратты (осы ақпарат жалпыға қолжетімді болғанға дейін) ұсынуға немесе қолжетімді етуге.
2. Биржа мүшесі, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес құпия санатына жатқызылған немесе Биржа мүшесіне осындай деп жарияланған (бұдан әрі – құпия ақпарат) үшінші тұлғаларға жариялауға және ұсынуға құқы жоқ.

5 бап. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәмілелер жасасу ережелері

1. Биржа мүшесі, мәмілелер жасасқанда немесе бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қызметін жүзеге асырғанда, осы Ережелердің нормаларын орындауы тиіс.
2. ос баптың 1 тармағында белгіленген міндеттерді бұзушылыққа мынадай әрекеттер және (немесе) жағдайлар жатқызылуы мүмкін:
 - 1) Биржаның сауда-саттық жүйесінде жарияланған баға бойынша қаржы құралымен мәміле жасаудан бас тарту;
 - 2) Биржаның ішкі құжаттарында анықталған шарттармен және тәртіпте, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердә орындауға немесе олар бойынша есеп айырысуға қабілетсіздігі;
 - 3) шиеленісулерді шешуден бас тарту, ереже бұзушылықтарды уақытылы анықтау және дауларды немесе келіспеушіліктерді реттеу бойынша шаралар қолданбау немесе кінәраттарды ұсынуды негізсіз кідіру;
 - 4) есеп беру мәліметтерін бұрмалау немесе, нарыққа ықпал ету мақсатында, көрінеу дұрыс емес мәліметтерді ұсыну;
 - 5) Биржаның ішкі құжаттарында анықталғандай есеп берушіліктер мен өзге ақпараттарды ұсыну шарттары мен тәртібін бұзу;
 - 6) Биржа мүшесіне және оның клиенттеріне тиесілі, ақшаларды және қаржы құралдарын бөлу принциптерін ұстанбау;
 - 7) клиентке тиесілі, қаржы құралдарын заңға қайшы және (немесе) заңсыз пайдалану немесе басқару;
 - 8) клиенттің рұқсатысыз және (немесе) клиентпен жасалған келісім-шарттың шарттарымен сыйыспайтындай, клиенттің есебінен мәмілелер жасасу.
2. Биржа мүшесінің Биржаның ресми тізімінде тұрған қаржы құралдарымен жасалған кез келген мәмілелері, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілеген ерекшеліктерді қоспағанда, Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалуы тиіс.

3. Биржа мүшесі:
 - 1) егер басқасы клиентпен жасалған келісім-шартпен немесе Биржа мүшесінің өкілденген органының шешімімен қарастырылмаса, Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілетін өтінімдерді, клиенттік тапсырыстың шарттарына (Биржа мүшесінің меншікті қоржыны бойынша инвестициялық шешіміне) сәйкес, тапсырысың затын (инвестициялық шешімнің), осы заттың бағасын және (немесе) санын, сондай-ақ осындай тапсырыстың (инвестициялық шешімнің) қолданыста болу мерзімін негізсіз өзгертусіз, ұсынуға;
 - 2) берілген өтінімнің бағасы қарсылама (соның ішінде Биржа мүшесі берген) өтінімдердің бағаларымен дәл келген кезде, соның ішінде сауда-саттық күті тәртіптемесіне ауыстырылғанда, ашылу немесе жабылу аукционы өткізу кезеңінде, Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған жағдайларда басқа кезде, берген өтінімнің параметрлері бойынша мәміле жасасуға;
 - 3) Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған, мәмілені уақытылы, толық және ең оңтайлы амалмен орындауға;
 - 4) Биржаның ішкі құжаттарының нормаларын, Биржа өткізетін ауда-саттықтардың қалыпты барысын бұзуға немесе Биржаның сауда-саттық жүйесі жұмысында жаңылыстарға әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруы мүмкін барлық жағдайлардың туындауы туралы сауда-саттық күні барысында осы жағдайлардың барлық мән-жайы туралы Биржаға хабарлауға міндетті.
4. Биржа мүшесіне, қандай да бір жүйелерді неиеме бағдарламалық-техникалық құралдарды тестілеу мақсатында, Биржаның сауда-саттық жүйесіне өтінімдер беріп, баға белгілеу жариялауға тыйым салынады.

Биржа мүшесінің, қандай да бір жүйелерді немесе бағдарламалық-техникалық құралдары тестілеумен, кімде-кімді Биржаның сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеуді үйретумен, кімде-кімге Биржаның сауда-саттық жүйесінің мүмкіндіктерін практикалық демонстрациясымен байланысты, кез келген әрекеттері тек Биржаның тестілік немесе оқу сауда-саттық жүйесінде, сондай-ақ оның аналогтарында жүзеге асырылуы тиіс.

6 бап.

Қаржы құралдарымен айла-шарғы мақсатында және жалған мәмілелер жасасуға тыйым салу

1. Биржа мүшесіне бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айла-шарғы мақсатында және жалға мәмілелер жасасуға тыйым салынады.
2. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қаржы құралдарымен жасалған мәмілені айла-шарғы мақсатында жасалған деп мойындау шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.
3. Қаржы құралымен жасалған мәміленің жалған мәміле санатына жатқызылуы осы мәміленің мақсатымен анықталады, атап айтқанда жалған мәміле деп мойындалады:
 - 1) экономикалық тұрғыдан маңызы жоқ немесе қаржы құралының өтімділігі туралы жалған пікір тудыратын, мәміле;
 - 2) Биржа мүшесінің негізсіз аса көтеріңкі комиссиялық кірістер алуына немесе алуына себептесетін немесе Биржа мүшесіне негізсіз көтеріңкі шығындарды жүктеуге себептесетін, артық мәміле;
 - 3) белсенді сауда-саттық жалған көрінісін жасауға немесе Биржа мүшесі немесе оның клиенті) сауда-саттықтың белсенді қатысушысы немесе білікті инвесторы мәртебесін алу мақсатында жасалған, мәміле.

7 бап.

Клиенттермен қарым-қатынастардың этикалық ережелері

1. Биржа мүшесі өз клиентімен қарым-қатынаста:

- 1) клиентке (соның ішінде әлеуетті клиентіне) бағалы қағаздарының ұйымдастырылған нарығында қаржы құралдарымен мәмілелер жасағанда немесе капитал тартқанда мүмкін болатын тәуекелдер туралы, сондай-ақ өзінің комиссиялық алымдары және, Биржа мүшесінің өз клиенттеріне қызмет көрсеткенде пайдаланатын, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығының субъектілерінің көрсеткен қызметтеріне алынатын, өзге де тарифтері туралы мәліметтерді (соның ішінде Биржаның, клирингтік ұйымның, орталық депозитарийдің) алымдары мен өзге де тарифтері туралы ақпараттар ұсынуға;
- 2) клиентпен жасалған келісім-шартпен (клиенттің тапсырысымен) белгіленген, өкілеттілік пен шарттар шегінде ғана әреке ету және осы келісім-шарт (тапсырыс, бұйрық) бойынша өз міндеттерін үздік орынбау бойынша бапрлық шараларды қолдануға;
- 3) Биржа мүшесіне клиентпен жасалған келісім-шарт (клиенттің тапсырысы, бұйрығы) бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен, соның ішінде заңсыз жолмен алған кірістерді заңдастыруға (ақшаның жылыстауына) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күрес, салықтар, валюталық реттеу, төлемдер мен ақша аудару туралы заңнамасымен белгіленген, өз міндеттерін орындауға қажетті, клиенттің құқықтық, салықтық, лицензиялық және өзге де маңызды мәртебесі туралы барлық ақпараттарды алу бойынша барлық мүмкін болатын шараларды қолдануға;
- 4) клиенттің құқығын қорғау және активтерін сақтау үшін барлық шараларды қолдану, клиентке залалын тигізуі мүмкін, әрекеттердің алдын алу бойынша барлық шараларды қолдану, сондай-ақ клиенттің мүмкін болатын шығындарының алдын алу немесе азайту бойынша барлық қажетті шараларды қолдануға;
- 5) тапсырыс (бұйрық) алған кезде осы тапсырыстың (бұйрықтың) деректемелерін және мазмұнын тексеру және осы тапсырыс (бұйрық) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін жағдайда, осы (тапсырысты) бұйрықты орындаудан бас тартуға;
- 6) клиентінің тапсырыстарын (бұйрықтарын) түсуіне қарай кідірмей орындауға міндетті, бұл ретте Биржа мүшесінің меншікті инвестициялық портфелі бойынша инвестициялық шешімдер ең соңғы кезекте орындалады;
- 7) тапсырыстарды (бұйрықтарды) орынлаумен байланысты, Биржа мүшесіне мәлім және клиентке қажетті ақпаратты клиенттің назарына жеткізу, сонымен қатар, клиенттің өзіне қабылдаған тәуекелдердің сипаттарын адекватты бағалауы бойынша барлық шаралар қолдануға;
- 8) клиентке (соның ішінде әлеуетті клиентке) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы, бағалар мен баға белгілеулер, эмитенттердің жағдайы, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы мүмкін болатын тәуекелдер туралы тек объективті ақпаратты ұсынуға;
- 9) клиентіне өзінің құқықтық мәртебесі, белгіленген пруденциалдық нормаларды және өзге де қаржылық тұрақтылығы көрсеткіштерін немесе критерийлерін (нормативтерін), тәуекелдерді басқару жүйесінің қызмет етуі бойынша талаптарды орындауы туралы, сондай-ақ, өз қызметінің басқа да заңнама талаптарына сәйкестігі туралы ақпараттар ашуға;

- 10) мүдделер шиеленісінен аулақ болу, ал болған жағдайда – оны реттеу бойынша барлық қажетті шараларды қолдану, клиентінің мүдделерін қамтамасыз ету және осы клиентті өз мүддесінің сипаттамасы мен көлемі туралы ақпараттандыру, бұл ретте өз мүддесін клиенттің құқығы мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасау арқылы қанағаттандыруға жол бермеуге;
 - 11) өзінің кәсіби қызметтерінің сапасын үнемі жетілдіруге ұмтылуға;
 - 12) клиенттермен жұмыс жасағанда, өзінің барлық қызметкерлерінің этикалық ережелерді, сондай-ақ, осы Ережелердің нормаларын орындауды қамтамасыз етуге міндетті.
2. Өз клиентімен қарым-қатынаста Биржа мүшесінің:
- 1) бір клиентінің құқықтары мен заңды мүдделерін екіншісінің пайдасына қысымшылық жасауға;
 - 2) клиентке қандай да бір қаржы құралына инвестициялармен байланысты қандай да бір кепілдер беруге;
 - 3) қандай да бір қаржы құралдарымен мәмілелер жасағанда клиентінің хабарсыздығын, білместігін немесе тәжірибесіздігін асыра пайдалануға;
 - 4) клиентке қаржы құралдарымен оның мүддесіне жасалған мәміленің Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған немесе сауда-саттықтың қандай да бір әдісімен жасалған деп ақпараттандыруға, егер бұл мәміле мұндай болмаса;
 - 5) Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасау үшін немесе өзі жасасқан мәмілелерді қарау үшін клиентпен қолданылатын, DMA немесе өзге де сауда-саттық (ақпараттық) жүйесін, егер осындай жүйе нақты уақыт тәртібінде өтінімнің мәртебесі туралы мәліметтерді, жасалған мәміленің мәртебесі туралы, оны растау кезеңі, мәмілені орындау кезеңі, сондай-ақ мәміленің орындалмау себептері туралы нақты мәмілелерді көрсетпесе, пайдалануға;
 - 6) қандай да бір басқа Биржа мүшесінің іскерлік беделіне дақ келтіретін, немесе қандай да бір басқа Биржа мүшесінің клиенті болып табылатынын, клиенттің іскерлік беделіне дақ келтіретін, қандай да бір әрекеттер жасауға құқы жоқ.
3. Биржа мүшесі өз қызметтеріне төлеу шарттары мен тәртібі ауысқаны туралы хабарлауы тиіс, бұл ретте Биржа мүшесі:
- 1) осы туралы уәкілетті органмен бекітілген, өз қызметіне баға қалыптасудың ережелері мен принциптері толық мазмұндалған, құжаты (мысалы, тарифтік саясаты), өз қызметінің бағалары туралы ақпараттарды ашу ережелері болуы тиіс;
 - 2) өз комиссиялық алымдары мен өзге де тарифтерін, өз қызметтеріне төлеу шарттары мен тәртібін тек клиентке хабарлағаннан кейін, өзгертуі тиіс.

8 бап.

Биржа мүшесінің қызметкерлеріне арналған этикалық ережелер

1. Биржа мүшесі бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында кәсіби қымбатты жүзеге асырумен байланысты жұмысқа, Биржа мүшесінің қызметкерінің әрекеттері (әрекетсіздігі) мен нұсқаулары Биржа мүшесінің өзінің әрекеттері (әрекетсіздігі) мен нұсқаулары болып табылады деген принципті басшылыққа ала отырып, қажетті білімі жоқ қызметкерлерін жолатуға құқы жоқ.

2. Биржа мүшесінің жетекші және өзге де қызметкерлері:
 - 1) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығының клиенттері және өзге де субъектілерімен қарым-қатынаста, қолдаушылық, лауазымдық өкілеттілікті асыра пайдаланушылық немесе, әділетсіз артықшылық немесе қандай да бір тұлғалар үшін жеңілдіктер беретін өзге де шаралар деп есептеуге немесе түсінуге мүмкіншілік беретіндей, әрекеттерден тартынуы тиіс;
 - 2) осы Ережелердің немесе өзге де Биржаның ішкі құжаттарының нормаларын бұзушылықпен бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қандай да бір негізделмеген пайда, игіліктер, артықшылықтар алу мақсатында сыйлықтарды тарту етуден (алудан), тегін қызметтер немесе арзандатылған қызметтер көрсетуден, жұмыстан тыс қызметтер көрсетуден тартынуы тиіс;
 - 3) Биржа мүшесінің, оның клиенттерінің және қызметкерлерінің құпия ақпаратын қорғауды қамтамасыз ету, сонымен бірге, бұрыңғы жұмыс берушілерін, әріптестері мен клиенттері туралы құпия ақпараттардың қорғалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ құпия ақпараттарды жеке басының пайдасына немесе үшінші тұлғалардың мүддесіне пайдаланбауы тиіс;
 - 4) Биржа мүшесінің мүддесіне қысымшылық жасауға әкеп соқтыратын немесе оның іскерлік беделі немес имиджіне залалын тигізетіндей, үшінші тұлғалармен тікелей несмесе жанама түрде келісім-шарттық қатынастарда болмауы тиіс;
 - 5) қаржы құралдарымен мәмілелерді, осы Ережелерге және Биржаның өзге де ішкі құжаттарының нормаларына қатаң сәйкестікпен, ашық нарықта кез келген инвесторға немесе мүдделі тұлғаға қолжетімді нарықтық шарттармен ғана жасасуы тиіс.

9 бап. Қаржылық кеңесшілер мен талдаушылар қызметінің этикалық ережелері

1. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы қызметтер және (немесе) қаржы құралдарды Биржаның ресми тізіміне енгізу және осы тізімде айналыста болу сұрақтарымен байланысты кеңес берушілік қызметтерді жүзеге асыратын Биржа мүшесі (бұдан әрі – қаржылық кеңесші), өзіне берілген құқықтарды клиенттердің мүдделеріне қысым жасау мақсатында асыра пайдаланбауы тиіс.
2. Қаржылық кеңесші міндетті:
 - 1) өз клиенті және оның қызметі туралы құпия ақпараттарды, осындай ақпараттарды ашу Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе клиентпен жасалған келісім-шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда, қорғалуын қамтамасыз ету;
 - 2) қаржылық кеңесшінің түрлі ішкі құрылымдық бөлімшелерінде клиент және оның қызметі туралы құпия ақпараттарға рұқсаттаманың бөлінуін қамтамасыз ететін процедуралардың бар болуы мен тиімді қолданылуын қамтамасыз ету.
3. Өз клиенті және оның қызметі туралы құпия ақпараттарға рұқсаттамасы бар, қаржылық кеңесші осы ақпараттарды жеке басының және үшінші тұлғалардың пайдасына қаржы құралдарымен мәміле жасау үшін пайдаланбауы тиіс.
4. Биржа мүшесінің қызметкері болып табылатын, қаржылық кеңесші немесе талдаушы, қаржылық кеңесшінің (Биржа мүшесінің) клиентіне қаржы құралдарына сатып алу, сату, ауыстыру немесе олармен басқа да әрекеттерді жүзеге асыру бойынша нұсқау бергенде, осы клиенттің барлық құқықтық, салықтық, лицензиялық және өзге де мәртебелерін,

инвестициялық портфелінің құрылымын немесе инвестициялық декларацияның қағидаларын, қаржылық жағдайын және қажеттіліктерін есмере отырып, осындай нұсқаудың осы клиент үшін тиімділігіне сенімді болу үшін жеткілікті негіздері болуы тиіс.

5. Биржа мүшесінің қаржы кеңесшілерінің немесе талдаушыларының клиентке ұсынылатын кез келген құжаттарының және нұсқауларының негізделген, адекватты базасы болып, зерттеулер мен ізденістер нәтижелерінің тиісті мәліметтерімен расталуы тиіс.

10 бап.

Кәсіби этика мен іскерлік тәртіп ежелерін бұзу үшін жауапкершілік

1. Биржа мүшесі осы Ережелердің нормаларын тиісті орындамағаны үшін жауапты болады.

Бұл ретте Биржа мүшесі әрбір өзінің қызметкерінің және клиентінің осы Ережелердің нормаларының орындауын (қолданымды бөлігінде) қамтамасыз ететін барлық қажетті шараларды қолдануы тиіс.

2. Осы Ережелердің нормаларына сәйкес, тыйым салынған мәмілені жасасу немесе әрекетті жүзеге асыру факті, Биржаның өкілденген органының немесе оның комитетінің, осы органның (комитеттің) құзіреттілігі және (немесе) құқықтарына немесе даудың (қараудың, шағымның, кінәраттың) мәніне қарай (осы Ережелердің 11 бабының 2 тармағына сәйкес) анықталады.

3. Биржа мүшесінің (Биржа мүшесінің қызметкерлінің, клиентінің) осы Ережелердің нормаларын бұзушылығына қарай, Биржа осы Биржа мүшесіне қатысты мынадай ықпалшаралар қолдану туралы шешім қабылдауға құқылы:

- 1) Биржа мүшесіне оның өзі (қызметкері, клиенті) осы Ережелердің нормаларын бұзғаны туралы, қайталауға жол бермеу қажеттілігі туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын және Биржаның ішкі құжаттарының барлық нормаларын орындауды бақылауды жетілдіру қажеттілігі туралы ескерту-хатын жолдау;

- 2) Биржа мүшесіне осы баптың 6 тармағына сәйкес, тұрақсыздық төлемін төлеуді талап ету;

- 3) Биржа мүшесінің трейдерін Биржа өткізетін сауда-саттықтарға қатысудан шеттету;

- 4) Биржа мүшесін, осы баптың 7 тармағына сәйкес Биржа өткізетін сауда-саттықтарға қатысудан шеттету;

- 5) Биржадағы мүшелігін уақытша немесе біржола тоқтату;

- 6) уәкілетті органға Биржа мүшесіне немесе оның жетекшілік ететін қызметкерлеріне қатысты ықпалшаралар қолдану туралы ұсыныс жолдау;

- 7) Биржа мүшесінің (оның қызметкерінің, клиентінің) осы Ережелерді бұзғаны туралы көпшілік ақпаратын тарату.

4. Биржа мүшесінің трейдерінің кез келген ереже бұзушылығы, Биржа Басқармасының шешімімен, осы трейдерді Биржа өткізетін сауда-саттыққа қатысудан уақытша немесе тұрақты шеттетуге негіз болуы мүмкін. Бұл ретте, осындай шешімге шағымдану осы шешімнің қолданысын тоқтатпайды.

5. Биржа өткізетін сауда-саттықтың нарықтың жағдайын бұрмалауға немесе қалыпты барысын бұзуға әкеп соқтырған, Биржа мүшесі трейдерінің ереже бұзушылығы, Биржалық кеңестің шешімімен, осы трейдер өкілдейтін, Биржа

мүшесінің Биржадағы мүшелігін уақытша немесе біржола тоқтатуға негіз болып табылады.

6. Биржа мүшесі осы Ережелердің 5 және 6 баптарының нормаларын бұзған жағдайда, Биржа Басқармасы осы Биржа мүшесіне Биржаның пайдасына 50 айлық көрсеткіш көлемінде және (немесе), шығындарға әкеп соқтырған немесе құқығына қысымшылық жасалған, басқа Биржа мүшесінің және (немесе) оның клиентінің пайдасына 100 алық есептік көрсеткіш көлемінде тұрақсыздық төлемін төлету туралы шешім қабылдауға құқылы.

Биржаның өз мүшесіне, осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес, тұрақсыздық төлемін төлеу туралы талабы, Биржаның тиісті ескертпесін Биржа мүшесі алған күннен кейін бес жұмыс күн аралығында орындалуы тиіс.

7. Биржа мүшесінің, оның қызметкерлерінің немесе клиенттерінің осы Ережелердің нормаларын үнемі (қатарынан он екі ай ішінде үш және одан аса рет) бұзағын жағдайда, Биржалық кеңес осы Биржа мүшесінің Биржадағы мүшелігін уақытша немесе біржола тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

11 бап.

Даулар мен келіспеушіліктерді реттеу

1. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығының қызметі туралы кез келген сұрақтар бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктерді Биржа мүшесі өз атынан және өз клиенттерінің, қызметкерлерінің атынан келіссөздер жүргізу арқылы, осы Ережелердің 2 бабының 2 тармағында келтірілген, принциптерді ұстана отырып, шешеді.
2. Осы ережелердің нормаларына сәйкес, тыйым салынған мәмілені жасасу немесе тыйым салынған әрекетті жүзеге асыру фактін анықтау туралы сұрақ қарауды, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, осы мәселе бойынша өкілденген Бирданың уәкілетті органы немесе комитеті мыналардың негізінде жүзеге асырады:
 - 1) Биржаның мекен-жайына келген хаттар (өтініштер, жүгінулер, шағымдар, кінәраттар);
 - 2) Биржа мүшелерінің, листингтік компаниялардың қызметіне мониторинг жүргізуге немесе бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығын қадағалауға жауапты Биржаның құрылымдық бөлімшесінің тиісті ақпараты;
 - 3) Биржаның кез келген органының (комитетінің, комиссиясының) бастамасымен.
3. Биржа мүшелері (олардың қызметкерлері, клиенттері) арасында даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, осындай дауларды (келіспеушіліктерді) Биржаның Даулар мен келіспеушіліктерді шешу жөніндегі комиссиясы және (немесе), Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (2008 жылдың 17 қаңтарындағы № 14 хаттама) "Қазақстан қор биржасы" АҚ Корпоративтік басқару кодексінің 20 бабының қолданымды қағидаларына және (немесе) Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес, Биржаның басқа органы шешеді.
4. Туындаған дау (келіспеушілік) бойынша келісімге келмеген жағдайда және (немесе) Биржаның даулар мен келіспеушіліктерді шешу жөніндегі комиссиясының шешімімен тараптар келіспеген жағдайда, осындай дау (осындай келіспеушілік) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешуге жатады.

Президент

Дамитов К.К.